Білім бөлімінің
2019 жылғы «13» 12
№161 бұйрығымен бекітілген

**Шет ауданы білім саласының қызметкерлерін көтермелеу жөніндегі нұсқаулық**

## 1. Жалпы ережелер

1. Ауданның педагог қызметкерлерін көтермелеу жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі - Нұсқаулық) "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 5-бабы 39) тармақшасына сәйкес әзірленді.

2. Көтермелеу ауданның білім бөліміне қарасты білім беру ұйымдарының қызметкерлерінің еңбегін ынталандыру нысаны болып табылады.

3. Шет ауданы білім саласының құрметті қызметкері төсбелгісі төстің оң жағында Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларынан төмен орналасады.

## 2. "Шет ауданы білім саласының құрметті қызметкері" төсбелгісімен марапаттау шарты

Төсбелгімен:

1) оқушылардың, тәрбиеленушілердің өз бетімен дамуын қамтамасыз ететін сабақтарды, білімді бақылауды және жаңа интерактивтік технологияларды ұйымдастырудың және өткізудің белсенді нысандарын және әдістерін оқу үдерісіне енгізгені үшін;

2) білім алушылардың ғылыми-зерттеушілік және жобалық-конструкторлық қызметіне басшылық жасаудағы табыстары үшін;

3) өңірлік, республикалық, халықаралық білім және ғылыми-техникалық бағдарламалар мен жобалардағы жетістіктері үшін;

4) білім берудің өзекті мәселелері бойынша зерттеулері үшін;

5) білім беру жүйесінің оқытушы кадрларын даярлаудағы және олардың педагогикалық және ғылыми біліктіліктерін арттырудағы, мамандарды қайта даярлаудағы еңбектері үшін;

6) оқу әдебиеттерін әзірлеудегі және оқу құралдары мен жабдықтарын шығарудағы жетістіктері үшін;

7) білім беру ұйымдарының қаржы-шаруашылық қызметін ұйымдастырудағы, материалдық-техникалық және эксперименттік-өндірістік базаларын дамытудағы және нығайтудағы жетістіктері үшін ең үздік қызметкерлер марапатталады;

8) сынып жетекшілері ата-аналармен нәтижелі жүргізген жұмыстары, сонымен қатар мектепішілік және аудандық қоғамдық жұмыстарға белсене қатысқаны үшін;

9) төсбелгімен білім беру ұйымдарында он жылдан кем емес жұмыс өтілі және жоғары немесе бірінші біліктілік санаты бар (педагогикалық қызметкерлер үшін) қызметкерлерден бастап марапатталады;

10) төсбелгімен марапаттау туралы ұсыныстар кәсіби мұғалімдер мерекесі, тамыз кеңесінде, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген еңбек сіңірген жылдарға жетуі бойынша қаралады;

11) білім бөлімінің басшысы жұмыс тобының келісімімен **мектептердің мерей тойларында** ардагер ұстаздарды марапаттауға құқылы.

## 3. Марапаттау материалдарын беру және қарау тәртібі

Шет ауданы білім саласындағы қызметкерлерді марапаттау үшін білім беру ұйымдарының басшылары мынадай құжаттар ұсынады:

1) білім беру ұйымының педагогикалық кеңесінің хаттамасы;

2) марапаттау парағы;

3) білім беру ұйымдары марапаттау материалдарын аудандық білім бөліміне бір ай бұрын ұсыныс береді;